

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің кейбір мәселелері" туралы 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бүйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бүйрығы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2001 жылғы 5 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1666. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 401 бүйрығымен.

#### **-----Бүйрықтан үзінді-----**

*"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында бүйірамын:*

*1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының қосымшаға сәйкес кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп танылсын...*

#### **Төраға**

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бүйрықтарының тізбесі**

*1. "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001 жылғы 15 ақпанды N 51 бүйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бүйрығы (Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2001 жылғы 5 қарашада N 1666 болып тіркелген, 2003 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық кесімдерінің бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 36-37, 519-құжат)...*

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес, соңдай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Каспий құбыр желісі Консорциумы туралы" 1997 жылғы 19 сәуірдегі N 3464 U973464\_ Жарлығын орындау үшін БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 мамырда N 1441 V011441\_ болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің кейбір мәселелері" туралы N 51 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің ережесіне толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін:

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы. Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Б. Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қ Р М К М  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 12 қазандағы

N 355 бұйрығына қосымша

Келісілген	ҚР МКМ Кеден комитетінің
Қазақстан Республикасының	2001 жылғы 12 қазандағы
Мемлекеттік кіріс министрі	N 355 бұйрығымен
16 қазан 2001 жыл	бекітілген

**Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің ережесіне толықтырулар мен өзгерістер**

1. 8-тармақ "тауарларды" деген сөзден кейін "осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

2. 11-тармақ "декларант" деген сөзден кейін "осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 14-тармақтың жетінші абзацы "декларант" деген сөзден кейін "осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

#### 4 . 18 - т а р м а қ т а :

1) бірінші абзацтағы "әкелінгеннен кейін" деген сөздерден кейін "осы Ереженің 40-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) екінші абзац алдып тасталсын;

3) төртінші абзац "толық" деген сөздің алдында "мұнай бойынша" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

5. Мынадай мазмұндағы 8-тараумен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Каспий құбыр желісі Консорциумының құбыр желілерінің арналы жүйесі бойынша тасымалданатын мұнайды кедендік ресімдеу.

38. Мұнайды кедендік ресімдеу Атырау облысы бойынша кеден басқармасының энергетикалық кеден бекеті қызметінің аумағында жүргізіледі.

39. Үш күнтізбелік айдың ішінде бір шарт (келісім-шарт) бойынша тасымалданатын мұнай бір топ ретінде мәлімденеді, ЖКД-ның 31-бағанына декларант айдың және жылдың атын көрсете отырып "...ішінде жеткізіледі" деген қ о с ы м ш а ж а з у ж а з а д ы .

40. Толық жүктік кедендік декларацияны УЖКД-да мәлімделген мұнайды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органына ұсыну мерзімі УЖКД-да көрсетілген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы мұнай тобын жеткізуіндегі соңғы айы біткен күннен бастап үш айдан аспауы тиіс".